

**Е.З.Есбосынов**  
Абай атындағы ҚазҰПУ  
Шығыс филологиясы кафедрасының доценті

### Аударма еңбектерге шағын шолу

Қазақ әдебиеті, оның ішінде қазақ ақын-жазушылары шығармаларының шет тілге аударылуы осы салада жүрген ғылым әлеуеті болсын, қатардағы оқырман болсын қашанда қызығушылықтарын туғызған. Ал аударма шығармалар ел мен ел, халық пен халықты бір-біріне танытып, салт-дәстүрлерін алыс-жақын жұрттарға паш етуде ең универсал және ең қысқа жолдардың бірі екендігі анық. Ал Мұхтар Әуезов сынды ұлттық интеллуактуалдық брендке айналған, танымал тұлғаның шығармасын тәржімалау тек қана аударма объектісі болып қана қоймай, ғылыми талдау мен ғылыми сұрыптау мен зерделеудің де нысаны болып келеді [1]. Аталмыш авторефератта қазақ тілінде жазылған шығарманы қандай да бір шет тілге аударғанда орыс тілінің «көпір» міндетін атқару қызметінен неғұрлым аулақ болу мәселесі орынды қозғалып, шет тілінен қазақ тіліне аударма жасағанда да орыс тілінің «араағайындық» қызметінен алыс болу «қазақ аударма стилінің өзіндік ізге түсуіне», «отандық, яғни қазақ аударма саласының сапалық жаңа деңгейге көтерілуін қамтамасыз етер еді» деген уәж айтады [1, б]. Автордың бұл ойына, сірә, әркім қосылар деп ойлаймыз. Ал Қазақстанның тәуелсіздік кезеңіндегі ғылыми яки көркем аударма жұмыстары барысына қарасақ қазақ тілінен шет тілге және шет тілден қазақ тіліне аударылған еңбектердің, негізінен, орыс тілінің «араағайындық» рөлін пайдаланбай да жүзеге асып жатқанын көрсетеді. Мұндай күрделі де ауқымды саланың бір қырын қазақ тілінен түрік тіліне және, керісінше, түрік тілінен қазақ тіліне аударылған еңбектер құрайтыны анық. Бұл еңбектер қандай да бір мемлекеттік бағдарлама яки жоба аясында болсын, әр университет немесе жеке зерттеуші болсын қалам тартып, көңіл бөліп, зерттеу объектілеріне айналдырғанын көріп жүрміз. Оның ішінде қазақ тілді емес шет ел азаматтарының да қазіргі түрік тілі мен қазақ тілін бір зерттеу нысаны қалыбында қарау еңбектері өз жемістерін беруде [2]. Сонымен қатар өз отандастырымыз тарапынан орындалып жатқан түрік тілін қазақ тілімен салыстыра, салғастыра зерттеу үрдісі де кең етек жаюда [3]. Алайда бұл еңбектер, негізінен, әдеби шығармалардан бұрын тіл білімінің жекелеген саласын қамтыған лингвистикалық трактаттар қатарынан орын алуда [4]. Аталмыш деректердің тысында, қазақ тілінен түрік тіліне немесе түрік тілінен қазақ тіліне қатысты аударма жұмыстарына қатысты өз пікірлері мен уәждерін айтып жүрген шет ел азаматтарының да кейбір шолуларын атап өтсек орынды болмақ. Мысалы, 2005 жылы жарияланған бір мақалада қазақ тілінен түрік тіліне аударма барысында кездесетін кейбір проблемаларды орынды атап, төмендегідей жиынтықтап көрсеткен: «Тұрақты сөз тіркестерін аударғанда кездесетін кейбір проблемалар», «Терминдер аудармасы», «Фразеологизм мен мақал-мәтелдер аудармасы», «Омоним сөздердің аудармасы», «Шақ, уақытқа байланысты аудармалар», «Септік жалғаулы сөйлемдерді аудару барысында кездесетін логикалық ауытқушылық» деп, мақала авторы, қазақ және түрік тілі сияқты туыстас тілдердің аудармасында жиі кездесетін проблемаларды саралай келе «логикалық жасырынбақ ойнау», «механикалық аударма», «қолдан, яғни жасанды түрде калька жасау» деген атауларды қолданады. Сонымен қатар, қазақ тілінен түрік тіліне аударылып Анкарада жарияланған кейбір шығармалардың түрік тіліндегі нұсқасына үлкен күмәнмен қарайтынын білдіреді. Ал мақала барысында тіл-тілдің туысқандық дәрежесі аударма барысында негізінен, «алдамшы және адастырушы» міндет атқаратындығын атап өтіп, бұл пікірін нақты мысалдармен дәлелдеп отырады [5]. Соңғы уақыттарда түрік әдебиеті мен қазақ әдебиетінің жекелеген жанрлық нұсқаларын арнайы қарастырып, зерттеу объектілеріне айналдыру үрдісі де байқалады. Мұндай екіжақты талдау мен саралау жұмыстардың бірі «Түріктің ашықтық және қазақтың ақындық поэзиясындағы дәстүр үндестігі (XIV-XIX ғ.ғ.)» атты кандидаттық минимимум сынағын тапсыру уақытында ұсынылды [6].

Түркиядағы қазақ тіліне қатысты академиялық дәрежедегі ең алғашқы ғылыми көркем еңбектердің бірі, біздің білуімізше, Анкара қаласы, Гази Университетінің профессоры Ферхат Тамир ағамыздың түрікше жариялаған «Мағжан Жұмабай. Таңдамалы шығармалары» атты еңбегі болып табылады. Мұнда, аудармашы, Мағжанның өмірбаянынан бастап шығармашылығына дейін кең тоқталып, ақынның өлеңдерін аударғанда текстологиялық индексация әдісін, яғни өлеңнің әрбір жол мен шумағын нумерациялау әдісін қолданған. Сонымен қатар қажетті деп тапқан тұстарын түрікше комментарийлермен толықтырып отырған. Бұл еңбегі Мағжанның Қазақстанда 80-ші жылдардың соңында жарық көрген қазақша нұсқасын негізге алған.

Қолға тиіп отырған деректер негізінде, күрделі деп танылатын шығармалар арасынан, әрине, Олжекеңнің еңбектері «менмұндалап» тұратыны сөзсіз. Олжас Сүлейменовтың «АЗИЯ»-сының түрік тіліндегі нұсқасы 1992 жылы Стамбұлда жарық көрді. Аударған азербайжан ұлтының өкілі – Натык Сефероглы. Редакциялық алқа мүшелері проф. Камил Вели Нериманоглы, проф. Фикрет Түркімен және ғылыми қызметкер Мұстафа Өнер. Шығарма түрік профессоры Тұран Язғанның алғысөзімен берілген. Алғысөзде кітаптың тағдыры туралы, авторы туралы, автордың адами ерекшеліктері мен шығармашылығының аса күрделілігі туралы баян етілген. Олжекеңнің шым-шытырық ой-тармақтары мен тексттік-грамматикалық кедергілер әрі тілдік тұрғыда (түрік тілі тұрғысынан, Е.Е.), әрі логикалық тұрғыда қазіргі түрік тілінің лексикалық нормаларына сәйкес беріліп отырған. Кітап өз оқырманын түрік тілінде тауып, талай ғалым мен зерттеушінің, қалаберді қарапайым азаматтың қызыға оқыған еңбектерінің төрінен орын алғандығына сеніміміз мол [7]. Олжекеңнің түрік тілінде «сөйлеген» келесі бір шығармасы түпнұсқа тілімен айтсақ «Язык письма» атты еңбегі. Түрікшеге аударған Ариф Аладжыоглы, ғылыми редакциясын басқарған Метин Көсе есімді азамат. Бұл кітабы да профессор Тұран Язғанның алғысөзімен басталған. Кітаптың тілі АЗИЯ-мен салыстырғанда айтарлықтай ауыр, оқырманға тиісті дайындықты қажет ететіндей күрделі атаулармен, оның ішінде қазіргі түрік тілінде негізінен кездесе бермейтін лингвистикалық ереже-постулаттармен «тыңнан жабдықталған». Аудармаға, әрине, еңбектің түпнұсқасының аса күрделілігі әсерін тигізбей қоймаған. Кітап қалың оқырманнан бұрын, арнайы дайындығы бар мамандарға бейімделген. Көлемі 316 бет. 2001-ші жылы Стамбұлда жарық көрген [8]. Айтарлықтай ұқыпты да тиянақты орындалған басқа бір «қазақи» шығарма – Мұхтар Шахановтың атақты «өркениеті». Қазақ авторларының түрік тілінде жарық көрген «ең дұрыс аударылған» еңбектерінің бірі. Аударма авторлары Айше Иылмаз бен Имдат Иылмаз. Ғылыми редакциясын басқарған Метин Көсе. Кітап профессор Тұран Язған ақсақалдың алғысөзімен басталып, атақты Шыңғыс Айтматовтың Мұқаң туралы, оның шығармашылығы туралы «бір ауыз» ілтипат сөзімен жалғасқан. Кітаптың тілі ойнақы, жеңіл; қалың түрік оқырманын тез-ақ таба алатынына сеніміміз мол. Кітаптың соңында автор туралы кең биография орын алып, шығармашылығы туралы көптеген елдердің ақын-жазушыларының марапат пікірлері берілген, түрлі-түсті фотосуреттермен көркемделген. Көлемі 224 бет, Стамбұлда жарияланған [9]. «Қазақ мәдениеті мен әдебиетінің зерттеулері» атты Али Акбас Чынардың еңбегі қатардағы оқырман болсын, «мүйізі қарағайдай ғалым» болсын, кез келген сыни жарыстан үздік шығатын, қазақ гуманитарлық ғылымына аса байсалды, ғылыми тұрғыда талдау жасай білген еңбектер қатарынан мәртебелі орнын алуда. Автордың бұл еңбегі Қазақстанның түкпір түкпіріне жасаған ғылыми іссапарының, тірнектеп жинаған ғылыми деректерінің жемісті нәтижесінің айнасы іспеттес. Кітап алғысөз бен кіріспеден кейін «Қазақ фолклёры зерттеулері және халық әдебиеті», «Қазақи наным сенімдер», «Қазақтың ұлы перзенттері» және шағын «Қосымша» атты тараулардан құралған. Көлемі 220 бет, кітап Түркияның Мұғла қаласында 2006 жылы жарық көрген [10]. Ауыз толытырып айтатындай келесі бір еңбек академиялық десе де энциклопедиялық десе де жарасатындай «Қазақ дастандары» атты 6 томдық жинақ [11]. Жинақта берілген дастандардың барлығы түпнұсқа қазақшасы латын қарпімен транскрипциясы беріліп, түрікше аудармасымен жабдықталған. 1-ші томы «Қазақ дастандары I, Көроғлы дастаны» деп аталады. «Көроғлы», «Көроғлы қыссасы», «Көроғлы хикаясы», «Көроғлы және Безерген», «Көроғлы (Бозайхан)»,

«Ғавазхан қыссасы», «Түркімен қыссасы» атты бөлімдерден құралған. Көлемі 807 бет, Анкарада 2007 жылы жарияланған. Аударған доктор Метин Арыкан есімді азамат. Екіншісі «Қазақ дастардары II» деп аталады. «Құбықұл дастанының мазмұны», «Дотан батыр дастанының мазмұны», «Құламерген, Жоямерген дастанының мазмұны», «Қарабек батыр дастанының мазмұны» дей келе дастандардың түрік тіліндегі аудармасы берілген. Аударған доктор Метин Арыкан, көлемі 492 бет, 2007 жылы Анкарада жарияланған. Келесі қолымызға тиген нұсқасы «Қазақ дастандары IV; Қырымның қырық батыры» деп аталады. Түрік тіліне аударған доктор Метин Арыкан мен профессор Фикрет Түркімен. Мұрын жыраудан (Сеңгірбаевтан) жазылып алынған деген ескертпемен берілген. Кітаптың өзі үш бөлімнен тұрады, 1-ші және 2-ші бөлімнің өзі 20 батыр туралы жырды қамтыса, үшінші бөлім 9 батыр туралы жырды баяндайды. Көлемі 1048 бет. 2007 жылы Анкарада жарияланған. 6-шы том «Қазақ дастандары VI» деп аталады. Аударған доктор Оқтай Селим Караджа есімді азамат, сонымен қатар баспаға дайындағандар деп Сейітбек Сәкенов пен Пакизат Әуесбаеваның есімдерін атап өткен. Кітапта 4 дастан жарияланған. Көлемі 396 бет, 2009 жылы Анкарада жарық көрген. Осы аса көлемді ғылыми жобаға мұрындық болған Анкарадағы Ататүрік атындағы Түрік лингвистикалық орталығы болып табылады.

Қолымызға тиген кейбір мәліметтерге қарап бауырлас Түркия елінде, қазақ әдебиетінің классикалық үлгілері турасында ауыз толтырып айтарлықтай ғылыми ізденістер жүріп жатқандығын көре аламыз. Мысалы ұлы М.Әуезовтың творчествосына тың көз, жана ізденіспен танылып жүрген Түркияның Измир қаласындағы Еге Университетінің профессоры Мустафа Өнер мырзаның ғылыми ізденістері қазақ оқырмандары үшін қашанда қызықты болмақ. Мустафа Өнер мырзаның мақаласынан үзінді бере отырып, аударма барысын қалың оқырманмен таныстыра кеткенді жөн көрдік:

*Тау бөктеріндегі қоңыр жел ақырындап бұралып соғып, салдыраған шерлі күйді қозғандай болады. Табиғат салқын түсте болса да, сұлу тілді сүйгендей, іздегендей еді. Мәңгі мұңды шермен үзіліп-үзіліп соққан желмен бірге жүректі ақырын-ақырын шымшиғандай еді. Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға тартып бара жатқан даланы әнші жігіттің зар мұңды дауысы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды. Ән салқын түсті табиғат ортасында желікті қызықты еске түсірмей, ұлы бір сабырды еске түсіргендей\*.*

"Dag eteğindeki soğuk rüzgâr da, yavas yavas burulup vurmakla, sallanıp asılı duran dertli vaziyeti, adeta çalkalamıştır. Tabiat, soguk bir sekilde de olsa tatlı dili severmiş, ararmıs gibiydi. Ebedî hüznünlü bir ıstırapla kesik kesik çarpan rüzgârla, sanki yüregi yavas yavas parçalamıstı. O anda sahipsizlik içinde yorularak uykuya dalmakta olan bozkırı, sanki türkücü gencin hüznünlü sesi, uzun havalı ritmiyle titretti. Türkü, soguk renkli tabiat ortasında heyecanı, eglenceyi akla getirmeksizin, adeta büyük bir sabrı hatırlattı" [12]. Қазақ және түрік тілін жетік меңгерген көзі қарак оқырман осы цитатадан-ақ аударма сапасын болжай жатар деген үміттеміз.

Нақты дерекке негізделген келесі бір мысалды мына түрде бермекшіміз: Анадолыда 14-ші ғасыр шамасында өмір сүрген түрік халық ақыны Қайғысыз Абдалдың өлеңі:

*Cümle kaplumbağalar  
Kanatlanmış uçmağa  
Kertenkele delirmiş  
Kırım suyun geçmeye.  
Kelebek okuy almış  
Ava şikara çıkmış  
Domuzları korkutur  
Ergene 'nin köprüsü.  
Ergene 'nin köprüsü  
Susuzluktan kurumuş  
Edirne minaresi  
Eğilmiş su içmeğe\*.  
Тасбакалар жиылып,*

Қанаттанған ұшуға.  
 Кесіртке де жиналыпты,  
 Қырым суын кешуге.  
 Көбелек садақ алып,  
 Аң аулауға шығыпты.  
 Доңыздарды қорқытыпты,  
 Ергене деген көпірде.  
 Ергененің көпірі,  
 Сусыз қалып құрғапты,  
 Едірнененің мұнарасы  
 Иіліпті су ішуге [13].

Анадолының орта ғасыр философиялық мектебінің көрнекті өкілі, танымал мистик ақын Мәулананың «Адам» атты өлеңінің бір шумағы «сөзбе сөз» аудармаға қарағанда «мағыналық аударманың» адымы қашанда мығымырақ болатындығының айғағы болса керек:

*İnsan vardır işi dert ve belada,  
 İnsan vardır işi nedir dünyada.  
 Ne yazık ki halk dilinde hepsi bir –  
 Ona da insan deniyor, buna da\*.*

«Төрттіктің» аудармасының бірінші варианты:

Бір пенде - белшесінен арамдықта,  
 Бір пенде өрге сүйреп - адалдыққа,  
 Тұрғандай қайран дүние араздасып,  
 (Азамат, көңіл бөліп сырт қарасаң)  
 Екінің ныспы бір-ақ - адамдық та!\*\*

Екінші варианты:

Іші дерт, сырты бәле, сөзі қыртың -  
 Құдды бір дүние-қайран - өңкей жыртың,  
 Жан-жағың надандарға толып кетсе -  
 Болар ма ішің толық, сыртың бүтін!\*\*

Келесі бір аударма Анадолының этнографиясы мен ауыз әдебиетінен шағын болса да бір мысал бола ма деген үміттеміз.

...Жоқтау айтушы өзінің мұң-шері мен қайғысын, мүмкін істеген қателігі мен аңқаулығын басқа бір образда, басқа бір тылсым дүние ішінде, шиқылдаған құс болып, жортып жүрген жыртқыш аң бейнесін алып, қарқылдаған қарға болып жеткізгісі келгендей. Кітап авторы, тақпақты «Сауысқанның жоқтауы» деп берген:

<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Koca gozlú mavi turna balığı!***</i>	Бадырақ көз, жылтыр терілі балық!
<i>Yavrumu gormedin mi?</i>	Менің балаларымды көрмедің бе?
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Eğer eğir otundan bir sal yapsaydım,</i>	Егер жас талдың шыбығынан сал жасасам,
<i>Yavruma ulaşamazdım!</i>	Балама жетер ме едім?
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Küçüklerin sozlerine uydum,</i>	Кішкентайлардың сөзін тыңдаймын деп,
<i>Yuvamı küçük bir ağacın üzerine yaptım.</i>	Ұямды аласа ағаштың үстіне салып едім.
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Buzların çözülüp onu sürüklemesine izin verdim,</i>	Мұз ери сала ұямды су шайып кетті,
<i>Yavrumu bir daha görmedim.</i>	Балаларымды содан кейін көрмедім.
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!

<i>Koca ağızlı beyaz turna balığı,</i>	Аузынды арандай ашқан балық,
<i>Yavrundan haberin var mı?</i>	Менің балаларымнан хабарың жоқ па?
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Eğer kamıştan bir sal yapsaydım,</i>	Егер жас қамыстан сал жасасам,
<i>Yavruma ulaşamaz mıydım?</i>	Балама жетер ме едім?
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Büyüklerin öğütlerini dinlemedim.</i>	Үлкендердің ақылын тыңдамадым.
<i>Yuvamı aleak bir ağacın üzerine yaptım.</i>	Ұямды сабағы төмен майысқан ағаштың үстіне салдым.
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Yükselen suların onu sürüklemesine izin verdim,</i>	Анталап төніп көтерілген судың астында қалдырдым,
<i>Yavrundan ayrı düştüm.</i>	Балаларым бір жаққа, өзім болсам бір жаққа кеттім.
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Eğer tekrar bir yuva yaparsam,</i>	Егер тағы бір ұя салу нәсіп болғанның өзінде,
<i>Boyle yavrularım olacak mı?</i>	Осындай сүйкімді балапандарымдай бола ма?
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Uluları dinleyeyelim,</i>	Үлкендердің тілін алыңдар,
<i>Bir daha kötü şeyler yaşamayayım.</i>	Мұндай кіріптарлық басымызға келмесін,
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!</i>	Әй, жарандар, жарандар!
<i>Büyüklerin sözlerini dinleyeceğim,</i>	Ендігәрі үлкендердің сөзін тыңдайтын боламын,
<i>Yüksek ağaclara yuva yapacağım.</i>	Ұямды тек қана биік зәулім ағашқа салатын боламын.
<i>Eyvah! Eyvah! Eyvah!*</i>	Әй, жарандар, жарандар!**

**Ескертулер мен сілтеме жасалған әдебиеттер тізімі:**

\* Курсивпен берілген мәтін - тексттің түпнұсқасы.

\*\* мақала авторының аудармасы.

\*\*\* turna balığı – тұщы суды мекендейтін жыртқыш балықтың бір түрі: *Esox lucius*.

1. Кушанова Ж.О. Казахско-русско-немецкие художественные переводы (на материале переводов романа М.Ауэзова «Абай» на русский и немецкий языки). Автореферат кандидатской диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук. Алматы-2006.

2. Қараджа Оқтай Селім. Түркі тілдеріндегі нумеративті сөз тіркестері (қазақ-түрік тілдері негізінде). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы – 2005.

3. Құрманбаева Ш.Қ. Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салғастырмалы талдау. Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы-1999.

4. Якши М.З. Қазақ, өзбек, түрік тілдеріне ортақ кірме араб сөздері. Филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы-2010.

5. Aşur Özdemir. Kazakçadan Türkçeye ve Türkçeden Kazakçaya Tercüme Üzerine Notlar. Абай атындағы Қазақ Ұлттық Пелагогикалық Университеті Хабаршысы. «Жас ғалым. Ізденістер. Мәселелер. Зерттеулер» сериясы. ) №2 (7), 2005, 38-47 с..

6. Тұрымбетова Жанагүл Айтжанқызы. Түріктің ашықтық және қазақтың ақындық поэзиясындағы дәстүр үндестігі (XIV-XIX ғ.ғ.). Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы – 2009..
7. AZİYA, Olcas Suleyman. Turk Dunyasi Arastirmalari Vakfi, Istanbul – 1992.
8. Yazinin Dili, Olcas Suleyman. Turk Dunyasi Arastirmalari Vakfi, Istanbul – 2001.
9. Uygarligin Yanlisligi, Muhtar Sahanov. Turk Dunyasi Arastirmalari Vakfi, Istanbul – 2002.
10. Kazak Kulturu ve Edebiyati Arastirmalari, Dr.Ali Akbas Cinar. Mugla – 2006.
11. Kazak Destanlar I,II,III,IV,V,VI. Ataturk Turk Dili Kurumu Yayinlari: 899. Ankara – 2007, 2009.
12. “Muhtar Evezov’un Jetim Hikayesinde Dil –Soz Dokumu Uzerine Yorumlar”, Ege Universitesi Turk Dili ve Edebiyati Arastirmalari Dergisi IX. cilt, Izmir, 1998, 27-80 s.).
13. Аударып, құрастырушы Жанагүл Айтжанқызы. Түрік ашықтарының (ақындарының) өлеңдері (XIV-XIX ғ.ғ.). 18 б. Алматы – 2004.
14. Dr.Wilhelm Radloff., 238 s. Turklerin Kokleri Dilleri ve Halk Edebiyati. Nurol Matbaacilik, Ankara – 1999.

#### **Резюме**

*В статье рассматриваются общие вопросы художественного перевода. Объектом исследования является некоторые переводы с турецкого на казахский язык и с казахского на турецкий языки произведений казахских и турецких писателей.*

#### **Rezume**

*This article deals with summarizing questions of belles-lettres translations. The object of research is kazakh and turkik writers' works which were translated from Turkish into Kazakh and from Kazakh into Turkish languages.*

#### **Özet**

*Edebi çeviri genel konular üzerinde durulmuştur. Çalışmanın Nesne Kazak ve Türk yazarlarını Türk eserlerini Kazak ve Kazak içine Türkçe bazı çeviriler olduğunu.*